

3. Айтымқызы, 4-курс

*Ғылыми жетекші — Т. Р. Сейдығалиев, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнігі
(Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Адам құқықтары теориясының қалыптасуы ұзақ тарихқа ие. Адам құқықтарының идеясы көне кезде пайда болған. Бұл ұғымның қалыптасуы жалпыз азаттық гуманитарлық философиялық және құқықтық ойдың табиғи эволюциясымен әзірленді.

Әртүрлі таптар мен сословиелердің күресінің нәтижесінде, ең алдымен қалыптасып келе жатқан буржуазиялық құштегі құқықтар мен бостандықтардың арқасында, ортағасырлық өмір қалпына қарсы келе мемлекет пен жеке тұлғаның өзара қатаинастарының буржуазиялық мемлекеттік-құқықтық тұжырымдамасы пайда болады. Дж. Локтиң пікірі бойынша мемлекет қандай да бір жағдайда адамның өмір сүру құқығын, бостандығын және меншікке құқылығын шектей алмайды. Г. Гроций — табиғи құқық мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Аталған мектептің негізгі идеясы адамға оның құқықтары мен бостандықтары не құдаймен де не мемлекетпен де берілмегендігі туралы тұжырымдалады.

1215 жылы Англияды Еркіндіктің ұлы хартиясында ағылшын монархының абсолюттік билігін шектейтін баптарда адам құқықтары туралы нормалар көрсетілген. Адам құқықтары мен бостандықтарының табиғи-құқықтық түсінігінің нормативтік бекілүү жолының ілгерілеу қадамы 1679 жылғы Хабеас корпус акт болып саналады. Оnda азаматтарды соттық қорғау кепілдігі белгіленген, сондай-ақ кінәсіздік презумпциясы, жеке тұлғаның қол сұғылмаушылығы және басқа да адам құқықтарын қорғаудағы маңызды ережелер енгізілген.

Американдық штаттардың отаршыл Англиядан тәуелсіздік үшін құресте табиғи құқық мектебінің идеясы Т. Пейнмен және Т. Джефферсонмен дамыды. Вирджиния құқығының декларациясы 1776 жылы 12 маусымда қабылданды. 1879 жылы Ұлы Француз революциясының женісінің нәтижесінде Адам және азамат құқықтарының декларациясы қабылданды.

Адам құқықтарының барлық доктринасы сөз жоқ бір құндылыққа негізделген. Бұл құндылық — адамның абырайы. Адам құқықтары тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі француз ағартушысы Ж.-Ж. Руссо абырай адам мәнісінің өзінде қаланған: «Өз бостандығынан бас тарту — бұл өзінің адамзаттық абырайынан, адам құқығынан, тіпті міндеттен бас тарту деген сөз... Мұндай бас тарту адамзаттық табиғатпен ақылға сыймайтындық» деп пайымдағанⁱ.

«Бостандық» ұғымының тарихи дамуы неміс ғалымы Ян Шап толық қарастырған. ГФР мемлекетінің негізгі заңында: «Адамның абырайына қол сұғылмайды. Оны қорғау және қамтамасыз барлық мемлекеттік биліктердің міндеті». Сонымен бірге адам абырайының кепілдіктері алғаш рет тек Германияның конституциясында бекітілгенⁱⁱ.

Халықаралық құжаттарда «адам құқықтары» терминінде оны жеке тұлғаның құқықтары ұғымы деп түсінуіміз қажет. Бұған дәлел ретінде Копенгагендік жиналыстың адамзаттың өлшемдері бойынша конференциясының құжатындағы ережелерді жатқызуға болады: «Құқықтық мемлекет тек формальді заңдылықты ғана емес... бірақ сонымен адамзаттық жеке тұлғаның жоғары құндылығының толық танылуына және қабылдануына негізделген әділеттілікті білдіреді...»ⁱⁱⁱ. Тек жеке тұлғаның құқықтарын қорғауға Декларацияның 7-бабы арналған: «Заң алдында барлық адамдар тең және ешқандай алалаусыз тең түрде заңмен қорғалуға құқылы». Азаматтық құқық ғылымында «жеке мүліктік емес мүдделер» ұғымы қолданылады, оны заң әдебиетінде «занды мүдделер» деп атайды. А. В. Мальконың пікірі бойынша занды мүдделер субъективтік құқықтардан айырмашылығы құқықтық рұқсат етілуі бар, яғни өзге тұлғалардың занды қажетті мінездүлкүн қажет етпейді^{iv}.

Келесі кезеңде социалистік қозғалыстың азаматтық және саяси құқықтарға тигізген күшті әсерінен әлеуметтік-экономикалық құқықтар қосылады (еңбек, демалыс, әлеуметтік көмек және т. б.). Әлеуметтік-экономикалық құқықтың негізінде халықтың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау бойынша ұлттық табысты бөліп беру, әлеуметтік теңсіздікті «теңестіру» жолында мемлекеттің ерекше әлеуметтік функцияларды жүзеге асыру қажеттілігін тану жатыр. Экономикалық ауқатты мемлекеттерде кәсіпқой, аумақтық, демографиялық және өзге де топтардың тиімді экономикасы мен әлеуметтік қорғалуы арасында теңсіздікті шешу туралы пікірталастар тұрақты жүріп жатады.

Бірақ та адам және азамат құқықтары институтының дамуындағы шешімді өрлеуі XX ғасырдың екінші жартысында жетістікке жете бастайды. Азаматтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтардың тізімі кени бастады. Оларға жаңа «құқықтардың жас буыны» қосылды: өмір сұру, қолайлы қоршаған ортаға құқылық, ақпаратқа құқылық. Оған дәлел ретінде негізін құраушы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымымен қабылданған (1948 ж.) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт, (1966 ж.) Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт, (1975 ж.) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде жиналыстың Хельсиндік қорытынды Актісі және кейінгі құжаттар да қатысушы мемлекеттердің конституциялық құқығымен қабылданған адам құқықтары мен бостандықтары каталогының ауқымды стандартын құрады.

ⁱ Права человека: Учебник для вузов / Отв. ред. Е. А. Лукашева. — М, 2002. — С. 5.

ⁱⁱ Документ Копенгагенского совещания Конференции по человеческому измерению СБСЕ: Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе // Советское государство и право. — 1990. — № 11.

ⁱⁱⁱ Малько А. В. Основы теории законных интересов // Ежегодник российского права. — М., 2000. — 204-205-б.

^{iv} Шапп Ян. О свободе, морали и праве // Государство и право. — 2002. — № 5.